

**"Байғанин ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға берілетін үйлерінде жалдау ақысының мөлшерін белгілеу туралы" аудан әкімдігінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 10 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 162 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қазанда № 5106 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 95 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 10.03.2021 № 95 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 болып тіркелген бұйрығына сәйкес, Байғанин аудандық әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Байғанин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 10 "Байғанин ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға берілетін үйлерінде жалдау ақысының мөлшерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4192 тіркелген, 2015 жылғы 19 ақпанда аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) қаулысына келесідей толықтыру енгізілсін:

осы қаулының қосымшасына сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
А. Е р ғ а л и е в к е жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Аққағазов*

Аудан әкімдігінің  
2016 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 162 қаулысына қосымша

**Байғанин ауданының мемлекеттік тұрғын-үй қорынан жалға берілген үйлердегі үй-жайды пайдаланғаны үшін белгіленген ай сайынғы жалдау ақы мөлшері Екі пәтерлі тұрғын үйлер (орналасқан мекен-жайы: Қарауылкелді ауылы, Ержанов көшесі, № 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27 үйлер)**

2015 жылы салынған тұрғын үйдің бір пәтерінің сметалық құны— 7 798 895  
т е ण г е ;

Ц – 2015 жылы салынған тұрғын үйдің 1 (бір) шаршы метрінің құны— 104 824  
т е ण г е ;

Е – 2015 жылы салынған тұрғын үйдің жалпы аумағы –74,4 шаршы метр;

Т – 2015 жылы салынған тұрғын үйдің есептік пайдалану мерзімі – 100 жыл;

Г – 2015 жылы салынған тұрғын үйдің бір жылға 1 (бір) шаршы метрін пайдаланудың, күрделі және ағымдағы жөндеудің шығын сомасы – 0 теңге;

Р – тұрғын үйді күтіп-ұстауға қажетті төлемдер сомасы (бір айға 1 (бір) шаршы метр үшін теңге);

А – үй-жайды пайдаланғаны үшін жалдау ақы мөлшері (бір айға 1 (бір) шаршы метр үшін теңге);

Е с е п т е у ф о р м у л а с ы :

2015 жылы салынған жалға берілетін үйлер үшін:

$$P = G : 12 : E ;$$

$$P = 0 : 12 : 74,4 = 0 \text{ теңге};$$

$$A = C : T : 12 + P ;$$

$$A = 104\,824 : 100 : 12 + 0 = 87,35 \text{ теңге.}$$

Бір айға 1 (бір) шаршы метрінің жалдау ақысының мөлшері – 87,35 теңге.